



Хабарландыру

«ГМК КZ» ЖШС Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы «Көк-Дом-бақ» гипс кен орнын қалпына келтіру (ҚОҚБ, РШН, ӨЭББ, ҚББ, ШШЖ) жоба-сы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінім беру материалдары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 16 қыркүйекте сағат 12.00-де Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Абай көшесі 34, «Бақыт» мейрамханасының кіші залы мекенжайы бойынша өтеді.

Жоспарланған іс-әрекеттің әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы.

Объектінің орналасу координаттары: 1 нүкте: солтүстік ендік 47° 0' 30", шығыс бойлық 74° 24' 0"; 2 нүкте: солтүстік ендік 47°0' 31", шығыс бойлық 74° 23' 30"; 3 нүкте: солтүстік ендік 47°0' 38", шығыс бойлық 74° 23' 23"; 4 нүкте: солтүстік ендік 47° 0' 48", шығыс бойлық 74° 23' 29"; 5 нүкте: солтүстік ендік 47° 1' 0", шығыс бойлық 74° 23' 30"; 6 нүкте: солтүстік ендік 47° 1' 18", шығыс бойлық 74° 23' 50"; 7 нүкте: солтүстік ендік 47° 1' 29", шығыс бойлық 74° 24'16"; 8 нүкте: солтүстік ендік 47° 1' 40", шығыс бойлық 74° 24'32"; 9 нүкте: солтүстік ендік 47° 1' 29", шығыс бойлық 74° 25' 0"; 10 нүкте: солтүстік ендік 47° 1' 29", шығыс бойлық 74° 25'18"; 11 нүкте: солтүстік ендік 47° 1'7", шығыс бойлық 74° 25'31"; 12 нүкте: солтүстік ендік 47°0' 57", шығыс бойлық 74° 25' 3"; 13 нүкте: солтүстік ендік 47° 1'0", шығыс бойлық 74° 24' 45"; 14 нүкте: солтүстік ендік 47° 0' 55", шығыс бойлық 74° 24' 29"; 15 нүкте: солтүстік ендік 47° 0' 45", шығыс бойлық 74° 24' 10".

Әсер ету аумағының орналасу координаттары: 47°0'30" С; 74°24'0" Ш.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі бес жұмыс күнінен аспайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

ZOOM платформасында тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=YkwlsQZ10BfsFcPKvbPpOJR3mUmboH.1&omn=83968348046>. Конференция идентификаторы: 854 588 2756. Қатынас коды: Gr93D4.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ГМК КZ» ЖШС, БСН: 231040000861. Занды мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Тәттімбет көшесі, 15 үй, 2 пәтер, тел. +7 705 576-06-78.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «AS-Project» ЖШС, БСН: 091140004807, мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, А.Баймұқанов көшесі, 68 ғимарат, №15, e-mail: skk_13@inbox.ru, тел.: +7 701 446-66-24.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс телефондары: e-mail: skk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, expertiza.upr_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылдайды. Байланыс телефондары: 8 (7212) 56-81-66.

Объявление

ТОО «ГМК КZ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие по Проекту рекультивации месторождения гипса «Кок-Дом-бак» в Актогайском районе Карагандинской области (РООС, НДВ, ППЭК, ПУО, ППМ).

Общественные слушания состоятся 16 сентября 2026 года в 12.00 ч. по адресу: Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Абая 34, малый зал ресторана «Бахыт».

Территория воздействия, на которую будет иметь воздействие намечаемая деятельность: Карагандинская область, г.Балхаш.

Координаты расположения объекта: 1 точка: северная широта 47° 0' 30", восточная долгота 74° 24' 0"; 2 точка: северная широта 47°0' 31", восточная долгота 74° 23' 30"; 3 точка: северная широта 47°0' 38", восточная долгота 74° 23' 23"; 4 точка: северная широта 47° 0' 48", восточная долгота 74° 23' 29"; 5 точка: северная широта 47° 1' 0", восточная долгота 74° 23' 30"; 6 точка: северная широта 47° 1' 18", восточная долгота 74° 23' 50"; 7 точка: северная широта 47° 1' 29", восточная долгота 74° 24'16"; 8 точка: северная широта 47° 1' 40", восточная долгота 74° 24' 32"; 9 точка: северная широта 47° 1' 29", восточная долгота 74° 25' 0"; 10 точка: северная широта 47° 1' 29", восточная долгота 74° 25' 18"; 11 точка: северная широта 47° 1' 7", восточная долгота 74° 25' 31"; 12 точка: северная широта 47°0' 57", восточная долгота 74° 25' 3"; 13 точка: северная широта 47° 1' 0", восточная долгота 74° 24'45"; 14 точка: северная широта 47° 0' 55", восточная долгота 74° 24' 29"; 15 точка: северная широта 47° 0' 45", восточная долгота 74° 24' 10".

Координаты расположения территории воздействия: 47°0'30" с. ш; 74°24'0" в. д. Срок проведения общественных слушаний не превышает пять последовательных рабочих дней.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=YkwlsQZ10BfsFcPKvbPpOJR3mUmboH.1&omn=83968348046>. Идентификатор конференции: 854 588 2756. Код доступа: Gr93D4.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ГМК КZ», БИН: 231040000861. Юридический адрес: РК, Карагандинская область, г.Караганда, район имени Казыбек Би, ул.Таттимбета, дом 15, кв. 2, тел: +7 705 576-06-78.

Разработчик проектной документации: ТОО «AS-Project», БИН: 091140004807, адрес: Ақмолинская область, г.Кокшетау, ул.А.Баймуканова, дом 68, н.п.15, e-mail: skk_13@inbox.ru, тел: +7 701 446-66-24.

Документация по проекту размещена на портае <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/lang=ru>.

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов: e-mail: skk_13@inbox.ru, тел.: 8 (701) 446-66-24.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресу: г.Караганда, ул.Лободы 20, expertiza.upr_krg@mail.ru. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

✓РЕСМИ

«Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметі туралы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 8 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №117 «ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН БЕРУ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» БҰЙРЫҒЫ, БАЛҚАШ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 19 МАУСЫМДАҒЫ №14/122 «БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНІҢ НЕГІЗІНДЕ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ТҰРҒЫНЖАЙ РЕТІНДЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНДА ТҰРАҚТЫ ТІРКЕЛГЕН ЖӘНЕ ТҰРАТЫН АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРҒА (АЗАМАТТАРҒА), СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ЖЕРГІЛІКІ АТҚАРУШЫ ОРҒАН ЖАЛДАҒАН ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖАЛДАУШЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕДІ.

Отбасының тұрғын үй көмегін алу құқығын анықтау үшін басты негіз, отбасының жиынтық табысы және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындары болып табылады.

Тұрғын үй көмегінің мөлшері коммуналдық қызметтерді тұты-

ну шығыстарын төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады және тоқсан сайын тағайындалады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау ағымдағы тоқсан ішінде жүргізіледі, бұл ретте, аз қамтылған отбасының (азаматтың) өткен тоқсандағы жиынтық табысы және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығыстары есепке алынады.

Сонымен бірге, отбасының нақты шығындары әлеуметтік нормалар шегінде есепке алынады.

Шекті жол берілетін шығыстар үлесі, жалпы сома есебімен отбасының жиынтық табысына 5 пайыз мөлшерде белгіленеді және осы мөлшер аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) көмек көрсетудің өлшемі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
- 2) отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);
- 3) жұмыс орнынан анықтама немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);
- 4) балаларға және асырауын-

дағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

5) банктік шоты;

6) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

7) коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

8) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

9) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1)«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2)www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның заңды мекенжайы:

Балқаш қаласы, Уәлиханов көшесі, 5 үй, 7 кабинет, телефон: 8(71036)44061.

Жұмыс кестесі: демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00 бастап 14.30 дейінгі түскі үзіліспен 9.00 бастап 18.30 дейін, күн сайын.

«Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ.

✓МАМАН КЕҢЕСІ

Сальмонеллездің алдын алу шаралары

САЛЬМОНЕЛЛЕЗ – SALMONELLA ТУЫСЫНА ЖАТАТЫН БАКТЕРИЯЛАР ТУДЫРАТЫН ЖІГІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫ. АУРУДЫҢ ТАРАЛУЫ КӨБІНЕ ТАҒАМ ӨНІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ТАЛАПТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫМЕН, СОНДАЙ-АҚ ЖЕКЕ БАС ГИГИЕНАСЫ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ САҚТАЛМАУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ.

Инфекцияның негізгі берілу факторлары – құс еті, жұмыртқа, ет және сүт өнімдері, сондай-ақ дұрыс термиялық өңдеуден өтпеген немесе сақтау мерзімі бұзылған дайын тағамдар. Сонымен қатар қоздырғыш лас қол, ластанған ас үй құралдары, жуылмаған көкөністер мен жемістер арқылы да жұғуы мүмкін.

Сальмонеллездің инкубациялық

кезеңі бірнеше сағаттан 3 тәулікке дейін созылады. Аурудың негізгі белгілеріне дене қызуының көтерілуі, жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, сұйық нәжіс және жалпы әлсіздік жатады. Ауру әсіресе жас балалар, егде жастағы адамдар, жүкті әйелдер және имунитеті төмен адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін.

Сальмонеллездің алдын алу мақсатында тағам өнімдерін сатып алу кезінде олардың сапасы мен жарамдылық мерзіміне назар аудару, азық-түлікті тек рұқсат етілген сауда орындарынан сатып алу, ет пен құс етін, жұмыртқаны толық термиялық өңдеуден өткізу, дайын және шикі өнімдерді бөлек сақтау, тағамдарды белгіленген температуралық режимде сақтау, сондай-ақ жемістер мен көкөністерді қолданар алдында мұқият жуу қажет. Сонымен қатар тамақ дайындаудың алдында, та-

мақтанар алдында және дәретханадан кейін қолды сабынмен мұқият жуу – инфекцияның алдын алудың маңызды шараларының бірі.

Сальмонеллездің алғашқы белгілері пайда болған жағдайда өздігінен ем қабылдамай, дереу медициналық ұйымға жүгіну қажет. Уақытылы көрсетілген медициналық көмек аурудың асқинуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Құрметті Балқаш қаласының тұрғындары! Тағам қауіпсіздігі талаптарын сақтау және жеке бас гигиенасы қағидаларын орындау – сальмонеллездің алдын алудың ең тиімді жолы. Өз денсаулығыңызға жауапкершілікпен қарап, инфекциялық аурулардың алдын алу шараларын қатаң сақтаңыз.

А. БАТАНАЕВА,
Балқаш қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.